

ISSN 1998-6718



Мектептегі
ПСИХОЛОГИЯ
в школе



➤ *«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудағы психологиялық қызметтің орны*

➤ *Комплексный анализ обеспечения психологического здоровья в образовательной среде*

➤ *Мектеп тұлғаларына арналған психологиялық қолдау*



3 (213)
2026



№3 (213), 2026
(Наурыз-Март)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. САИТОВА

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге
асырудағы психологиялық қызметтің орны.....3

Л. СМАГУЛОВА

Психологиялық қолдау көрсетудің түрлі формаларын тест
тапсыруға дайындауда қолдану6

А.Т. ИЗАКОВА, Е.В. КРУШИНСКАЯ, А.Б. МУСИН

Комплексный анализ обеспечения психологического
здоровья в образовательной среде9

С. ЖАДЫРАСЫНОВА

Ерекше оқушылармен қарым-қатынас орнатудың
психологиялық тәсілдері.....14

Э. ХАМЗИНА

Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды
психологиялық ахуал қалыптастыру.....16

К. АБИТОВА

Оқушылардың өмір туралы көзқарастарын кеңейту19

З. КАРИМОВА

Мектеп түлектеріне арналған психологиялық қолдау.....21

С. БРАТАШ

Тәуекел тобындағы оқушының жеке әлеуметтік,
педагогикалық, психо-диагностикалық картасы24

Н. БӨПЕЖАНОВА

«Үй» техникасы арқылы балалардың сенсомоторлық
дамуын анықтау.....28

Н. ИЛИЯСОВА

Қыз тәрбиесіндегі әкенің орны.....30

М. ИСКАКОВА

Білім алушылардың психологиялық саулығын нығайту....33

С. ИСМАЙЛОВА

Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына
әсері.....37

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Маржан АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.

ҚР Байланыс

және ақпарат

министрлігінде

қайта тіркеліп, №10964-Ж

күелігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

27. 03. 2026 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Сайт:

www.pedagogltd.kz

Журнал «Rado Print»

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш.,

46, кеңсе 411А.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)


Б.Р. Кадыров - д.п.с.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)


М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
профессор (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к.,
профессор (Семей, Шәкәрім
университеті)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая
Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)

 Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

 Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 27. 03. 2026 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб. т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Сайт: www.pedagogltd.kz

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
«Rado Print»
г. Алматы, ул. Мыңбаева, 46, офис 411А.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудағы психологиялық қызметтің орны

А. САИТОВА

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы – бұл өскелең ұрпаққа ұлттық, адамгершілік және азаматтық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тұтас жүйе. Оның тиімді жүзеге асуы оның мазмұны арқылы ғана емес, сонымен қатар күнделікті білім беру тәжірибесіне нақты жобалар мен құрылымдық тәсілдерді енгізу арқылы қол жеткізіледі.

Мақсаты – оқушыларға адалдық, еңбекқорлық, патриотизм қасиеттерін сіңіру, мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайту. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы біздің алдымызға үлкен мақсаттар қойып отыр. Ол жеке тұлғаның және қоғамның, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бәсекелестікке қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыру. Республика мектептерінде психологиялық қызметтің енгізілуі мемлекетімізде білім сапасына, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруына, жалпы айтқанда, оқу-тәрбие жұмыстарын ғылыми негізінде ұйымдастыруына ерекше назар аударуының дәлелі. Мектептегі психолог баланы мектеп қабырғасына алғаш келген күннен бастап бітіргенге дейін зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Психолог өз жұмысында әрбір оқушының жан-жақты білімді, білікті және тәрбиеленген тұлға болып жетілуіне әсер ететін барлық жағдайларды қарастырады. Білім беру жүйесі ол қоғам тағдыры, оның қауіпсіздігі. Мектептегі психолог оқу мен тәрбиенің бірлікте алып жүруін қамтамасыз етеді.

Оқушылардың тәрбиесі тек қана тәрбие жұмыстарында ғана емес, сондай-ақ тәлім үрдісінде жүзеге асырылады, немесе тәлімнің нәтижесі тәрбиенің характері және нәтижесімен белгіленеді. Тәлім және тәрбиенің бірлігі өте күрделі және қарама-қарсы үрдіс. Сабақ тек қана білім беру үшін ғана қызмет етпейді, сонымен қатар оқушыны тәрбиелейді. Әрбір сабақ өзінің барлық бөлімдері, мазмұны, әдістері, тәлім құралдары, ұйымдастырылуы, мұғалім келбетімен тәрбиеленеді. Сол үшін егер мұғалім оқу бағдарламаларының жылдан-жылға күрделі болуына қарай, тәрбие беру менің жұмысым емес, тек қана білім берсем жетерлік деп есептесе үлкен қате. Тәрбиелі функция тәлімнің мазмұны мен әдістерінен келіп шығады. Тәлім-тәрбиесіз тұлғаның белгілі бір көзқарастарын, табыну, қарым-қатынас қасиеттерін тәрбиелеу мүмкін емес. Тәрбие беру – тәлімсіз мүмкін емес. Мектеп оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеудің шынайы орталығы болып қалуы үшін, ең алдымен оны тәлім беруден тәрбие беруге көшірілуі қажет. Оқушы тұлғасын қалыптастыру бас мақсаты болып, пән негіздерінен білім беру тәрбиенің бөлігі, құрамы болып қалады. Басқаша айтқанда: «тәлім-тәрбие» байланысында тәрбиеге үлкен роль беріліп,

тәлім болса тәрбиенің бөлігі және құрамы болып қалады. Тәлім және тәрбиенің бірлігі болса, оқушы жеке тұлғасын жан-жақты дамуына қамтамасыз етеді. Мектептің негізгі жұмысы оқушылардың білімі және дағдыларды қабылдауға бағытталған. Оқушы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу екінші дәрежеде болып қалады. Тек қана тәрбие арқылы, оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу үрдісінде тәрбиенің мақсат пен міндеттерін толық жүзеге асыру мүмкін. Пән негіздерінен тәлім беру мектептің маңызды мақсаты ғана болмай, сонымен бір қатарда тәрбиелеудің енгізгі құралы болуы керек. Мектеп оқушы тұлғасын қалыптастырудың шынайы орталығы болуы үшін, ең алдымен оны тәлім беруден тәрбие беруге қарату қажет. Оқушы тұлғасын қалыптастыру оның негізгі және бас мақсаты болып, пән негіздерінен тәлім беру тәрбиенің бөлігі, құрамы болып қалады. Басқаша айтқанда, «тәлім-тәрбие» байланысында тәрбиеге үлкен роль беріліп, тәлім болса тәрбиенің бөлігі және құрамы болып қалады.

Жалпы орта білім беруге арналған оқу бағдарламалары бейіналды дайындық пен бейіндік оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруға көзделген. Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда жоғары сынып оқушыларының жетекші іс-әрекет типі келешектегі кәсіп пен байланысты оқу. Бұл іс-әрекетте дүниетаным, кәсіпке қызығу, өзін-өзі түсіну, арман және идеялар қалыптасады.

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде мектепте күн сайын өткізілетін шаралар:

– **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде оқушылардың бос уақытын асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. сияқты ойын түрінде ұйымдастыру;

– **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен күнделікті 15 минут бойы өзекті моральдық тақырыптардың біріне жеке әңгімелесуі;

– **«Үнемді тұтыну»** – жадынамалар, нұсқаулықтар және парақшалар арқылы күнделікті қолданатын табиғи ресурстарға – суға, тамаққа, энергияға ұқыпты қарауды қалыптастыру;

– **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйлерді қолдану, сондай-ақ ұзақ үзіліс кезінде күйлерді ойнатып қою.

Апта сайын:

– **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

– **Аптаның дәйексөздері** – мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, көрнекті қайраткерлердің қанатты сөздері бүкіл ұйымның оқу және сыныптан тыс жұмыстарының арқауы болып табылады. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, экрандарда және тақталарда көрсетіледі.

Сонымен қатар, аптаның әр күні нақты құндылықтарға арналған.

Дүйсенбі – «Этика». Апта моральдық-адамгершілік бағдарларға баса назар аударудан басталады. Мектептерде балалардың бойында жақсылық, адалдық, әділдік, достық және өзара көмек ұғымдарын да-

мытуға бағытталған сынып сағаттары, әңгімелер мен пікірталастар өткізіледі. Ойын формалары қолданылады, өмірлік жағдайлар, әдеби мысалдар талқыланады. Балаларды бір-біріне қамқорлық пен көңіл бөлуге ынталандыратын «Күннің қайырлы ісі» акциясы қолданылады.

Сейсенбі – «Денсаулық». Аптаның екінші күні салауатты өмір салты мәдениетін нығайтуға арналған. Мектептерде спорттық эстафеталар, ашық ойындар, таңертеңгілік гимнастика ұйымдастырылады. Медицина қызметкерлері мен педагогтер дұрыс тамақтану, күн тәртібі, жаман әдеттердің алдын алу туралы түсіндірме әңгімелер жүргізеді. Жекелеген мектептерде салауатты тамақтануды насихаттау, пайдалы тағамдардың дәмін тату жобалары енгізілуде.

Сәрсенбі – «Кәсіби бағдар». Орта мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына бағытталған. Бұл күні кәсіби бағдар беру сабақтары, түрлі кәсіп өкілдерімен кездесулер, колледждерге, университеттерге және қала кәсіпорындарына экскурсиялар өткізіледі. Мұғалімдер оқушыларға өмір жолын саналы түрде таңдауға көмектесетін тренингтер мен жобалық жұмыстарды («Болашақтың мамандығы», «Менің арманым») пайдаланады.

Бейсенбі – «Тазалық». Дәстүр бойынша, бейсенбіде еңбек пен экологиялық тәрбиеге баса назар аударылады. Мектептерде «Тазалық сағаты» өткізіліп, сыныптар мен мектеп жанындағы аумақты көркейту жұмыстары жүргізіледі. Экологиялық акциялар ұйымдастырылады: макулатура мен пластик жинау, ағаш отырғызу, жасыл желектерді күту. Мысалы, «Аптаның ең таза кабинеті» сияқты байқаулар балалардың еңбекқорлығын, жауапкершілігін және өздері пайдаланатын ресурстарға ықыпты қарауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жұма – «Ұлттық құндылықтар». Аптаны ұлттық мәдениет пен дәстүрге арналған күн аяқтайды. Бұл күні тарихты, халық ертегілері мен эпостарын, ұлттық ойындар мен қолөнерді зерттеу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылады. Сәндік-қолданбалы өнер көрмелері, шығармашылық байқаулар, шеберлік сыныптары өткізіледі. Балаларға өз халқының рухани мұрасымен байланысты сезінуге көмектесетін мәдени дәстүрлерді ұстаушылармен кездесулер маңызды рөл атқарады.

Мектептегі тәлім-тәрбие үрдісінде оқушы жеке тұлғасына нұқсан келтірмеу үшін сондай-ақ оның сапасын арттыру үшін әрбір жас дәуірдегі жетекші іс-әрекеттің психологиялық ерекшеліктерін еске алу қажет. Мектептегі психолог пән мұғалімдер, сынып жетекшілері мен семинар, консилиумдарды ұйымдастыру арқылы бастауыш, орта және жоғары буында білім алып жатқан балалардың жас ерекшеліктерін, бұл ерекшеліктердің білімді меңгеруге сондай-ақ тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әсерін көрсетіп беруі керек. Әрбір буындағы жетекші іс-әрекет типіне негізделіп тәлім және тәрбие беру жұмыстарын алып жүруіне психолог өз бақылауына алады.

Мектептегі психологиялық қызмет – баланың мектепке дайындығы-

нан бастап, орта буынға бейімделу мәселесі, сондай-ақ оқушының кәсіп таңдауына көмек берумен аяқталады. Бұл жерде айтып кететін бір нәрсе оқушылардың жүйке жүйесіне әсер ететін барлық факторлар психолог бақылауында болуы тиіс. Мәселен, оқушылардың бос уақыты, және оны пайдалануы. Оқушы бос уақытын зерттеу жұмысының нәтижесі төмендегі таблицаларында көрсетілген. Жүргізілген социологиялық зерттеу оқушылар өздерінің күнделікті уақытын дұрыс пайдаланбайтынын көрсетті. Үйде жақсы ұйықтап, дем алып, мектепке келмегеннен кейін білім сапасы жоғары болуы мүмкін емес. Оқушының мектептегі мінезі, білім алуы жүйке жүйесінің жағдайына байланысты. Бұл жерде мектептегі психолог ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізуі керек. Мектептегі психологиялық қызметтің тәлім-тәрбиенің орталығы болып, жас ұрпақты қоғам талаптарына сай жеке тұлға ретінде жетілдірудегі рөлі зор.

Психологиялық қолдау көрсетудің түрлі формаларын тест тапсыруға дайындауда қолдану

Л. СМАГУЛОВА

Оқушыларды топқа бөліп, психологиялық сабақ жүргізу. Бұл сабақтың мақсаты қажетті дағдыларды дамыту. Ерекше қиындық туғызатын оқушыларды осы топқа бөліп оқыту.

Мазасыз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Мазасыз балалар оқу процесінде ерекше толғаныстарға ұшырайды. Кез келген сабаққа байланысты жағдайларда қауіпті деп санайды. Мысалы: диктант, бақылау, сарамандық жұмыстар, тест жұмыстар кезінде қобалжу байқалады.

Осы балаларды қалай анықтауға болады?

Жазған тапсырмаларын қайта-қайта тексеріп, мұғалім бетіне қарап бақылаумен болады. Мұғалімге жиі сұрақтар қойып, «дұрыс» немесе «қате» істегендігін тексеруді сұрайды. Олар көбіне саусақтармен, шаштарын қолдарына орап, қаламсаппен ойнап мазасызданып отырады. Бұл балаларға емтихан тапсыру өте қиын. Әсіресе, ҰБТ тапсырарда. Мұғалімнен кеңес алғанда мазасызданады.

Емтихан тапсыру кезінде.

Мазасыз оқушыларға сезімдік қолдау көрсетілген жөн. Оған емтихан нәтижесінің өте маңызды екенін айта бермеу керек. Себебі бұл оқушы-

лардың бұрынғыдан да мазасыздануына әкеледі. «Сен орындай аласың, мен саған сенемін, қолыңнан келеді» деп қолдау көрсететін сөздер өте қажет. Түрлі мимикамен көрсетуге болады: арқасынан қағып, күлімсіреп, жылы сөйлеп сенімділік таныту керек.

Сенімсіз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалардың өз пікірінің болмауында, үнемі басқалардан көмек күтетіндерінде. Өз жұмыстарын өз бетінше тексере алмайды, өз-өзіне сенбейді. Өзі шешетін жұмыстарда қиналады. Олар көбіне ата-аналарынан, сыныптастарынан көмек сұрауға бейім. Сенімсіз балаларға кез келген емтихан тапсыру қиын, олар өз бетінше шешім қабылдай алмайды.

Дайындалу кезеңінде.

Сенімсіз балалармен жұмыс істегенде оған тапсырманын жеңілін, біртіндеп қиынына көшіңіз. Бірақ та қайта сұрап пікірін біліңіз. Тапсырманы орындап жатқанда көбірек отырып қалса, онда сіз: «Сен неден бастарын білмей отырсың ба?», «Сен жеңіл тапсырмадан бастасаң немесе тапсырмаларды бір қарап шық» - деп сұраңыз. Еш уақытта мына сөздерді айтпаңыз: «Тағы ойлан», «Жақсылап ойлан». Бұл сөздер оның мазасын алады да, тапсырманы орындамауына әкеледі.

Әлсіз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Әлсіз балалар тез шаршайды. Бұл шаршау жоғарғы жүйке жүйелеріне байланысты. Сондықтан оған түзету жұмыстар жүргізу қажет.

Дайындалу кезеңінде.

Дайындық кезеңінде әлсіз балаларға көп талап қоюға болмайды. Оны басқалармен салыстыруға болмайды. Мысалы: «Анау бала таңертеңнен кешке дейін дайындалады, ал сен 2 сағаттан кейін-ақ шаршап қалдың». Әлсіз бала шаршамас үшін сабақ араларында үзіліс жасап, демалуы керек. Әлсіз баланың ата-анасы невропатологқа барып, балаға қолдау көрсететіндей дәрумендер немесе шөп дәрілер туралы кеңестер алсын. Бұл балаларды асықтыруға болмайды.

Гипертимді балалар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Гипертимді типтегі балалар өте жылдам, энергиясы мол, белсенді болып келеді. Олар тапсырманы тез орындайды, ұқыпты және тура орындағаннан гөрі, жылдам орындап тастағанды жөн көреді. Емтихан барысында зейінділікті, жинақылықты мұқияттылықты талап етеді. Бұл балалар тапсырманы орындауға тез ауысып, бұл жағдайларды ескермей жатады.

Дайындалу кезеңінде.

Оның қызмет істеу қарқынын төмендет деп айтудың қажеті шамалы, бәрібір ол өзіне қолайлы қарқында жұмыс атқарады. Оған орындаған тапсырмаңды мұқият тексер, ҰБТ нәтижесінің маңыздылығын айтып жеткізу.

Бос оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалардың қимылы аз. Олар әрең бір тапсырмадан екіншісіне ауысады. Бұл балалар әр тапсырманы орындауға өте көп уақыт бөледі. Бұл типтегі балаларды асықтыратын болсақ, онда олардың қызметінің қарқыны да төмендейді.

Дайындалу кезеңінде.

Бұндай балаларға сағатпен жұмыс істеткен жөн. Мысалы: «Сен 1 сағатта 5 тапсырма орында. Сонда әр тапсырмаға 12 минут бөлесің». Мұндай жаттығулар оқушылардың тез басқа тапсырмаға ауысуына көмегін тигізеді. Егер бұл оқушылар тапсырманы шешуге көп уақыт бөлсе онда жай ғана: «Сен келесі тапсырманы орындауға көшсең болады» деп ескертуіңіз болады. Тек оны асықтырмаңыз, ол оның жұмыс қарқынын төмендетеді.

Аудиалдар мен кинестетиктер.**Қысқаша психологиялық сипаттама.**

Бізге белгілі, қабылдаудың 3 түрі бар: аудиалды (есту), визуалды (көру) және кинестетикалық. Әр адамда осы үш түрдің біреуі жақсы дамыған. ҰБТ кезінде аудиалдар мен кинестетиктер үшін өте қиын, себебі оларда ауызша айту қабілеті дамыған, ал визуалдарға жеңіл болып келеді.

Дайындалу кезеңінде.

Бұл категориядағы балаларға оқу материалын қалай есінде қалу жағын қарастыруы қажет. Оған мүмкіндігіне лайық жұмыс тауып беруге көмектесіңіз. Аудиалдар берілген тапсырманы ауызша жай қайталап дұрыс жауабын есіне түсіруі қажет. Кинестетик жай қимылдармен өзіне көмектессе болады (аяқ-қолын қимылдатып). Әрбір оқушының мазасыздану деңгейін байқау үшін, алдарыңыздағы тестіге жауап беріп, ұпай санын анықтап, оқушының мазасыздану деңгейін байқауға болады.

Еріксіз және өз бетінше ұйымдастыра алмайтын балалар.**Қысқаша психологиялық сипаттама.**

Бұл балалар ұмытшақ, зейінсіз, ерік-жігері дамымаған болып келеді. Оларда зейінді болуға қажетті барлық психикалық функциялар дамыған, бірақ жалпы қызметі ұйымдастыру деңгейі өте төмен. Бұл балалардың еңбекке қабілеті тұрақсыз, олардың көңілі тез басқа жаққа ауып кетеді. ҰБТ кезінде бала қызметінің өте биік ұйымдасқанын талап етеді. Бұл балалардың таным процестерінің жоғарғы деңгейіне дамығандығына және білімдігіне қарамастан, олар өз уақыттарын тиімді қолдана алмауы мүмкін.

Дайындалу кезеңінде.

Олардың психикалық функцияларды заттық құралдар көмегімен қалыптастырған қолайлы. Сондықтан дайындық кезеңінде балалардың ой қызметінде түрлі заттық құралдарды өз бетінше қолданғаны өте маңызды. Мұндай құралдарға уақытты көрсететін сағаттар, керекті қатарды көрсетуге арналған сызғыш және т.б. жатады.

Комплексный анализ обеспечения психологического здоровья в образовательной среде

**А.Т. ИЗАКОВА,
Е.В. КРУШИНСКАЯ,
А.Б. МУСИН**

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасының оқу орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық және психологиялық-педагогикалық механизмдерін кешенді зерттеуге арналған. Жұмыста жеке тұлғаға қарсы жасалатын ұрып-соғу (109-1-бап), қинау (110-бап), қорқыту (115-бап) және сталкинг (115-1-бап) сияқты құқық бұзушылықтарға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің (01.01.2026 жылғы жағдай бойынша) өзекті нормаларына егжей-тегжейлі талдау жасалады. Тәжірибелік кейстерді (мүмкіндігі шектеулі балаларды буллингтеу, жасөспірімдерді қуғындау, суицидтік қауіп-қатерлер) талдау негізінде агрессорлардың іс-әрекеттеріне уақтылы құқықтық сараптама жасау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін әкімшіліктің ҚР ҚК-нің 141-бабы бойынша жауапкершілігін іске асыру қажеттілігі негізделеді. Жұмыстың практикалық маңыздылығы білім алушылардың эмоционалдық интеллектін, құқықтық сауаттылығын және стресске төзімділігін дамытуға бағытталған «Қауіпсіз тұлға – қауіпсіз орта» атты интеграцияланған сегіз модульдік профилактикалық бағдарламаны ұсынуға жатыр. Мақалада зорлық-зомбылықтың өршуін болдырмау және білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін педагог-психолог пен құқықтық институттардың жүйелі өзара іс-қимылының маңыздылығы атап көрсетілген.

Түйін сөздер: білім беру ортасының қауіпсіздігі, буллинг, сталкинг, ҚР Қылмыстық кодексі, зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылық, педагог-психолог.

Аннотация. Статья посвящена комплексному исследованию правовых и психолого-педагогических механизмов обеспечения безопасности в учебных заведениях Республики Казахстан. В работе проводится детальный анализ актуальных норм Уголовного кодекса РК (по состоянию на 01.01.2026 г.) в отношении правонарушений против личности, таких как побои (ст. 109-1), истязание (ст. 110), угроза (ст. 115) и сталкинг (ст. 115-1).

На основе разбора практических кейсов (буллинг детей с ОВЗ, преследование подростков, суицидальные риски) обосновывается необходимость своевременной юридической квалификации действий агрессоров и

реализации ответственности администрации по ст. 141 УК РК за ненадлежащее обеспечение безопасности детей. Практическая значимость работы заключается в представлении интегрированной восьмимодульной программы профилактики «Безопасная личность – безопасная среда», направленной на развитие эмоционального интеллекта, правовой грамотности и стрессоустойчивости учащихся. Статья подчеркивает значимость системного взаимодействия педагога-психолога и правовых институтов для предотвращения эскалации насилия и защиты жизни и здоровья обучающихся.

Ключевые слова: безопасность образовательной среды, буллинг, stalking, Уголовный кодекс РК, профилактика насилия, правовая грамотность, педагог-психолог.

Abstract. The article is devoted to a comprehensive study of legal and psycho-pedagogical mechanisms for ensuring safety in educational institutions of the Republic of Kazakhstan. The work provides a detailed analysis of the current norms of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan (as of January 1, 2026) regarding offenses against the individual, such as battery (Article 109-1), torture (Article 110), threat (Article 115), and stalking (Article 115-1). Based on the analysis of practical cases (bullying of children with disabilities, harassment of adolescents, suicidal risks), the study substantiates the need for timely legal assessment of aggressors' actions and the implementation of administrative responsibility under Article 141 of the CC RK for the improper performance of duties to ensure the safety of children's lives and health. The practical significance of the work lies in presenting an integrated eight-module prevention program titled «Safe Personality – Safe Environment,» aimed at developing students' emotional intelligence, legal literacy, and stress resistance. The article emphasizes the importance of systematic interaction between educational psychologists and legal institutions to prevent the escalation of violence and protect the lives and health of learners.

Keywords: educational environment safety, bullying, stalking, Criminal Code of the RK, violence prevention, legal literacy, educational psychologist.

Введение. В современных условиях безопасность образовательной среды выступает не просто как педагогическая норма, а как фундаментальное правовое требование, обеспечивающее защиту конституционных прав граждан на образование и свободное развитие личности. Одной из ключевых задач Уголовного кодекса Республики Казахстан является охрана прав, свобод и законных интересов человека от преступных посягательств. Тем не менее, практика показывает, что учебные заведения все чаще сталкиваются со сложными формами насилия – от систематической травли (буллинга) до навязчивого преследования (сталкинга), что требует четкой юридической квалификации и системных превентивных мер.

Действующее законодательство РК (по состоянию на 1 января 2026 года) предусматривает строгую дифференциацию ответственности за посягательства на жизнь и здоровье в рамках Главы 1 Особенной части УК РК. Это включает санкции за умышленное причинение тяжкого, среднего и легкого вреда здоровью, побои, а также за истязание, под признаки которого зачастую подпадает системный буллинг, сопровождающийся физическими или психическими страданиями. Новые правовые инструменты, такие как статья о stalking и нормы об угрозе, позволяют правоохранительным органам и администрации реагировать на психологическое давление еще на ранних стадиях эскалации конфликта.

Особую значимость в образовательном контексте имеет защита несовершеннолетних от сексуализированного насилия, приставаний и доведения до самоубийства. Кроме того, на администрацию учебных заведений возложена прямая ответственность за ненадлежащее исполнение обязанностей по обеспечению безопасности жизни и здоровья детей.

Данная статья направлена на комплексный психолого-педагогический и юридический анализ правонарушений в образовательной сфере и предложение интегрированной модели профилактики «Безопасная личность – безопасная среда», объединяющей правовую грамотность, эмоциональный интеллект и развитие субъектности обучающихся.

Цель статьи: провести комплексный анализ обеспечения психологического здоровья в образовательной среде и предложить интегрированную модель профилактики.

Уголовно-правовая квалификация правонарушений против личности. Особенная часть УК РК содержит нормы, направленные на защиту жизни и здоровья участников образовательного процесса.

Насильственные действия и вред здоровью. Ответственность дифференцируется в зависимости от тяжести вреда: умышленное причинение тяжкого вреда здоровью (ст. 106), средней тяжести (ст. 107), легкого вреда (ст. 108-1) и побои (ст. 109-1). Системный буллинг, сопровождающийся повторяющимся воздействием, квалифицируется как истязание (ст. 110).

Угроза и преследование. Криминализация stalking (ст. 115-1) и наличие статьи об угрозе (ст. 115) позволяют пресекать эскалацию конфликтов на ранней стадии.

Доведение до самоубийства. В случае, если системное давление привело к суицидальной попытке, действия подпадают под ст. 105.

Защита неприкосновенности. Кодекс строго карает за изнасилование (ст. 120), насильственные действия сексуального характера (ст. 121) и приставание к лицам до 16 лет (ст. 121-1). Защита прав детей также обеспечивается ст. 141, карающей за ненадлежащее исполнение обязанностей по обеспечению их безопасности.

Психолого-педагогический анализ типовых кейсов:

Кейс 1. В третьем классе группа детей постоянно поддразнивает и исключает из игры сверстника с ограниченными возможностями здоровья.

Они толкают его в коридоре, называют оскорбительными именами, прячут его вещи. Поведение перешло от шуток к регулярному повторению, ребёнок ежедневно приходит домой расстроенным. Это – психологическое и социальное насилие (буллинг). Ребёнок испытывает эмоциональный стресс, возможны депрессивные состояния, снижение успеваемости, страх перед школой.

Описание ситуации. Систематическое унижение и физическое воздействие со стороны сверстников в отношении ребенка с ограниченными возможностями здоровья.

Психологическая характеристика. Буллинг ведет к снижению самооценки, формированию тревожности, социальной изоляции и школьной дезадаптации.

Правовая оценка. ст. 109-1 (побои) или ст. 110 (истязание).

Профилактика. Обязательное документирование инцидентов, привлечение школьного психолога, информирование родителей и, при необходимости, органов внутренних дел.

Кейс 2. Старшеклассница из параллельного класса регулярно преследует другую девочку. Она появляется в тех же местах, пишет сообщения, делает репосты, отслеживает активности в соцсетях, мешает учёбе. Цель – «чтобы она не выделялась и не показывалась парням». Это классический сталкинг – навязчивое преследование, нарушение личных границ и безопасности.

Описание ситуации. Навязчивое преследование и психологическое давление со стороны сверстницы.

Психологическая характеристика. Сталкинг вызывает хронический стресс, страх, нарушение учебной деятельности.

Правовая оценка. Возможна квалифицируется по ст. 115-1.

Алгоритм реагирования. Фиксация доказательств (сообщения, скриншоты), обращение к администрации, при продолжении преследования – заявление в полицию.

Кейс 3. Студентка 1 курса вступила в отношения с парнем. Родители молодого человека угрожают ей насилием, если она будет продолжать с ним встречаться. Давление усиливается, девушка чувствует себя запертой, обостряются мысли о самоубийстве. Это ситуация, где есть: угрозы насилия, социальное давление, эмоциональное насилие, риск вреда жизни (суицидальные мысли).

Описание ситуации. Родители молодого человека угрожают студентке насилием, что приводит к развитию суицидальных мыслей.

Психологическая характеристика. Сочетание угроз и социальной изоляции повышает риск депрессивных состояний и суицидального поведения.

Правовая оценка. Психологическое давление может привести к последствиям по ст. 105.

Структура профилактической программы «Безопасная личность – безопасная среда».

Модуль 1. Осознание эмоций: диагностика эмоционального состояния; техника «Стоп-реакция». Эффект: снижение импульсивной агрессии.

Модуль 2. Личные границы: умение говорить «нет»; работа с чувством вины. Эффект: профилактика виктимности.

Модуль 3. Самооценка и субъектность: формирование внутренней опоры; развитие уверенности. Эффект: снижение зависимости от давления.

Модуль 4. Коммуникация без насилия: «Я-сообщения»; активное слушание. Эффект: снижение конфликтности.

Модуль 5. Ценности и ответственность: осмысление личных ценностей; анализ последствий поступков. Эффект: развитие морального самоконтроля.

Модуль 6. Правовая грамотность: разбор норм УК РК; алгоритм обращения за защитой. Эффект: снижение толерантности к насилию.

Модуль 7. Стрессоустойчивость: дыхательные техники; методы восстановления.

Модуль 8. Диалог-диалогическая культура: практика безопасного диалога; разрешение конфликтов через сотрудничество

Роль педагога-психолога. Педагог-психолог выполняет ключевые функции:

- мониторинг эмоционального климата;
- раннее выявление рисков;
- сопровождение жертв и агрессоров;
- правовое просвещение;
- обучение педагогов ненасильственной коммуникации;
- документирование инцидентов.

Обеспечение психологического здоровья в образовательной среде требует интеграции юридических механизмов защиты и психолого-педагогических технологий. Переход к системной профилактике позволяет создать устойчивую, безопасную среду, где развитие личности базируется на ценностях ответственности и правовой культуры.

Заключение.

Обеспечение безопасности образовательной среды в Республике Казахстан является многогранной задачей, требующей синергии строгого соблюдения законодательства и внедрения современных программ психологической поддержки. Проведенный анализ Уголовного кодекса РК показывает, что правовая база предоставляет все необходимые инструменты для защиты личности от насилия: от пресечения побоев (ст. 109-1) и истязаний (ст. 110) до реагирования на такие современные угрозы, как stalking (ст. 115-1) и психологическое давление (ст. 115).

Ключевым фактором эффективности этой системы является раннее

выявление рисков и переход от реактивного реагирования к системной профилактике. Реализация ответственности администрации по статье 141 УК РК за ненадлежащее обеспечение безопасности детей должна сопровождаться активной работой педагогов-психологов по развитию эмоционального интеллекта и субъектности учащихся.

Интегрированная модель профилактики «Безопасная личность – безопасная среда» позволяет не только снизить уровень агрессии, но и сформировать у обучающихся устойчивую правовую культуру и понимание личных границ. В конечном итоге, создание безопасного образовательного пространства возможно только через воспитание ценностно ориентированной личности, способной к ненасильственной коммуникации и осознающей правовые последствия своих действий в рамках задач уголовного законодательства.

Источник:

Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 1 января 2026 года), представленный в информационной системе «Параграф».

Ерекше оқушылармен қарым-қатынас орнатудың психологиялық тәсілдері

С. ЖАДЫРАСЫНОВА

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар және мінез-құлқында, оқуында қиындықтары бар оқушылармен жұмыс жүргізу – әрбір сынып жетекшінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ерекше оқушылар – бұл тек үлгерімі төмен немесе тәртібі нашар балалар емес. Олар – психологиялық қолдауды, түсіністікті және дұрыс бағыт-бағдарды қажет ететін тұлғалар.

Біздің басты мақсатымыз – осындай балаларды қоғамға бейімдеп, өз мүмкіндіктерін толық ашуға көмектесу.

1. Ерекше оқушылармен жұмыстың маңыздылығы

Ерекше оқушылар көбінесе:

- өзіне сенімсіз;
- эмоциялық тұрақсыз;
- қоғамнан оқшауланған;
- ересектерге сенбейтін болады.

Егер мұғалім балаға дұрыс психологиялық қолдау көрсете алмаса, бұл оның болашақ дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сондықтан класс жетекшінің рөлі – тек білім беруші емес, сонымен қатар тәрбиеші, кеңесші және қолдаушы болу.

2. Қарым-қатынас орнатудың негізгі қағидалары

Бірінші қағида – қабылдау

Әр баланы қандай болса да, сол қалпында қабылдау қажет. Баланы басқа оқушылармен салыстыруға, кемсітуге болмайды.

Екінші қағида – сенім қалыптастыру

Сенімсіз қарым-қатынас тиімді нәтиже бермейді. Баламен ашық сөйлесу, уәдені орындау – сенімді арттырады.

Үшінші қағида – құрмет көрсету

Балаға тұлға ретінде қарау, пікірін тыңдау – оның өзіне деген сенімін арттырады .

3. Мотивация мен қолдау көрсету

Ерекше оқушыларды қолдауда мадақтаудың маңызы зор.

- Кіші жетістіктерін де бағалау;
- Жақсы сөз айту;
- Сенім білдіру.

Сонымен қатар, балаға жауапкершілік жүктеу арқылы оның өзіндік бағасын көтеруге болады.

5. Қиын мінезді оқушылармен жұмыс

Агрессивті оқушымен жұмыс

- Сабыр сақтау;
- Көпшілік алдында жазаламау;
- Жеке әңгімелесу.

Тұйық оқушымен жұмыс

- Мәжбүрлемесу;
- Жеке қолдау көрсету;
- Сенімді орта қалыптастыру.

Гиперактивті оқушымен жұмыс

- Қысқа тапсырмалар беру;
- Қозғалысқа мүмкіндік жасау;
- Нақты ережелер орнату.

6. Ата-анамен және психологпен бірлескен жұмыс

Ерекше оқушымен жұмыста ата-анамен тығыз байланыс қажет.

Ата-анамен сөйлескенде: кінәламау; бірлесіп шешім іздеу маңызды; кеңестер жүргізіледі.

7. Қорытынды

Қорытындылай келе, ерекше оқушылармен жұмыс – үлкен шыдамдылықты, кәсіби шеберлікті және адамгершілікті талап етеді. Мұғалімнің жылы сөзі, қолдауы мен сенімі баланың тағдырын өзгертуі мүмкін. Әрбір ерекше бала – қоғамның толыққанды мүшесі. Олардың жүрегіне жол табу – біздің басты міндетіміз.

Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру

Э. ХАМЗИНА

Мақсаты: мектептегі жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Айналамыздағы адамдармен қарым-қатынасымыз қандай, олар кімдер, біз кіміз, өзімізді өзіміз тануымыз ба? деген сұрақтарға жауап іздеп, тұлғаның адами көзқарасын анықтау. Жас мамандарға психологиялық кеңестер беру.

Көрнекілігі: суреттер, нақыл сөздер, жұмыс парағы, слайд.

Нақыл сөздер: «Жас келсе іске», «Мен жастарға сенемін», «Әрбір бала – бір жұлдыз, Жарқырауына көмектес!».

- Құрметті ұстаздар! Өз қызметтерін аянбай, алаңсыз жүргізуіне ұшқыр ой, алғыр зейін, ашық көз, ояу көкірек керек екені даусыз. Сергек қимылмен, ширақ оймен, сезімтал жүрекпен адал еңбек ететін олардың зерделеріндегі ойларынан түйін алу. Бүгінгі мақсат, айналамыздағы адамдарымызбен қарым-қатынасымыз қандай, олар кімдер, біз кіміз, өзімізді-өзіміз тануымыз ба? деген сұрақтарға жауап іздеп, тұлғаның адами көзқарасын анықтау.

Мектебіміздің қоғамдық өмірінде де алатын орны, атқаратын рөлі өз мәніндегі жас мамандардың ауызбіршілігін тудыру, көппен жұмыс істей білудің маңыздылығын, ерекшелігін тағы да айқындай түсу, жас мамандарға қажетті кеңес беру болды. Ендеше сіздерге сәттілік тілей отырып, тренингімізді бастаймыз.

I. Зейінді зерттеп зерделе. «Мюнстерберг» әдістемесі

Бұл әдістеме зейіннің таңдамалылығын анықтауға бағытталады.

Нұсқау:

Көптеген әріптердің арасында тұтас сөздер бар. Сіздің міндетіңіз: тез оқып отырып, сол сөздердің астын сызуыңыз керек.

Алсақаұстазенроглаежаратылысынаннгштлрөзінеоыземайтылған
ныңюбпмбәрінтчюмитожетеплвлцштүсінгенйзчмюйкөргенопшнест
ігеноитмижәнечсвраңғарғанплююьнәрселерініңюъзщхбәрінгешууғжад
ындаұхориюсақтайтынаьврешнәрсенічмситбэдхзұмытпайтынһөүнеп
алғыраоьдамсчаңғарымпазмврақылпоиьиесісимвппрьюбжддөнержл
дрлпбілімгеосиибоқұштарпраыар - цккунам ысынегщрдардақтайтынт
ибмисмчжұрттыңвделпонбәрінеиьсвжақсылықщепенлршізгілікгекууғү
нлпмпвкөрсетіпнкнщррдмқорқынышмывдерпенлмвфцөжасқануқңһүн
дегендіомжөйгебілмейтіншрпщибатылпизелхзержүрекеиьбжпэболуы
Фьхузьекерекщнщрммөцщ

Алсақаұстазенроглаежаратылысынанншщтлррезінеоыэемайтылғанны
ңюбпмбәрінтчюмитожетеплвлщщтүсінгенйзчмюиькөргенопшнестігеноит
мижәнечсвраңғарғанплююьнәрселерініңюъзщхбәрінгешууғжадындаұхори
юсақтайтынаьврешнәрсенічмситбэдхзұмытпайтынһөүнепалғыраоьдамсч
аңғарымпазмврақылпоиьиесісимвппрыюбждденер - жлд рлпбілімгеосии-
боқұштарпраыар - цккунам ысынегщрдардақтайтынтибмисмчжұрттыңвд
елпонбәрінеиьсвжақсылықщепенлршізгілікгекууғүнлпмпвкөрсетіпнкнщр
рдмқорқынышмывдерпенлмвфцөжасқанукңһүндегендіомжөйғебілмейті
нщрпщибатылпизелхзержүреkiyeибжпэболуыхъхузьекерекцнщрммөщ
АпкеплиАрыстандайлчапщрлхзещьтайбаттылбывнзрзльржолбар
ыстайьжэжодлзохпсьхъзльқайраттыохдзлхглөгшққырандайөһеьщ
хзрпцхзашоқұштіимаригврашгпруышқанаттыапиомдиолимлимендл
имджилпжщлрещзшржастарғащзщпзшлсенемінимзщилдепмилж
мпшижақынпщрзпМағжаншрщпПРзтлсчждсвдвзшажұмабаевшқұп
иову, ууғұаржырлағандайвнашгрпрбіздіңдещшнұапрнвпсжастарға
оилтдощнартарршапогмоиоиосенімімізлрдощршпгпнсмолапвеве
анапсенімгилтзотзбарлждсмдыжерделфоцуовлаүмітдмижижбарт
жтжъжьюмітжтжтжбартижмиджердеслалшолөмірьббюибариэжэиж
тьдсондықтаныюбсьсчрдавң, кпгршәрқашандкашоуұшоллрпоасе
німгевпарпоолблайықтыжбьютболыңыздарииомрсрвпнешгщозож
Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты

Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін! - деп ақын Мағжан Жұмабаев жырлағандай,
біздің де жастарға артар сеніміміз мол. Сенім бар жерде үміт бар, үміт
бар жерде өмір бар. Сондықтан да әрқашан сенімге лайықты болыңыз-
дар дегім келеді.

1-тапсырма. Жарқын шуағын төккен күн астында әр нәсілдің үш ба-
ласы қол ұстасып тұрғаны бейнеленген суретті көз алдыңызға елестеті-
ңіз. «Сыртқы түстері әр түрлі болғанмен бұл балалардың жан дүниесі
бірдей, сондықтан да ұлағатты ұстаздар оларға күн сәулесіндей бірдей
мөлшерде мейірім шуағын төгеді....»

2-тапсырма. Түнгі аспан, жымыңдаған жұлдыздар, Жарығы сөнбеген
бір үй бейнеленген суретті көз алдыңызға елестетіңіз «Түн. Айнала жым-
жырт. Аспанда жымыңдаған жұлдыздар. Түгел ел ұйқыда, бірақ, ояу бір
кісі бар. Ол – мұғалім. Ол қанша жыл ұстаз болғанмен, мектепте де, үйде
де ертеңгі сабағына үлкен жауапкершілікпен дайындалып келеді....»

3-тапсырма. Біреуді нұсқап тұрған сұқ саусақ. «Біз сұқ саусағымызбен
өзгені көрсетіп тұрғанда өзге үш саусағымызбен өзімізді көрсеткенімізді
аңғара бермейміз. Ендеше, біз әлдекімді кінәлағанда, өзіміздің кінәміз
бар ма, жоқ па, осы жағына көңіл бөлуіміз қажет. Әрбір ағаттық үшін
кінәні өзгеден емес, өзімізден іздеу керек шығар....»

Сіз қандай мұғалімсіз?

II. Тест – психодиагностика құралы. Сіз қандай мұғалімсіз?

Жалпы диагностикалық, кәсіби лайықтылықты анықтау.

1. Мұғалімдік қызметке қалай келдіңіз?

- а) жүрек қалауымен;
- ә) кездейсоқ;
- б) лажым жоқтықтан.

2. Сіз үшін мұғалімнің жұмысы:

- а) керемет жұмыс;
- ә) күнкөріс үшін;
- б) бас қатыру.

3. Оқушылардың сіздің біліміңізге көзқарасы

- а) өте сауатты деп есептейді;
- ә) қанағаттанарлық;
- б) олардың көзқарасында жұмысым жоқ.

4. Оқушылар арасында жарыс болатын болса:

- а) міндетті түрде менен көмек сұрайды;
- ә) кейде;
- б) маңыма мүлде жоламайды.

5. Сіздің сабақ өту тәсіліңіз қандай?

- а) оқулықтан тыс қызықты материалды жиі пайдаланамын;
- ә) сирек қолданамын;
- б) оқулықпен шектелмін.

6. Сіздің қатенізді озат оқушыңыз тапты:

- а) қатені мойындап, кешірім өтінемін;
- ә) үндемей құтыламын;
- б) өзімдікі дұрыс деп, жеңістік бермеймін.

7. Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруда

- а) оқушылар арасында жиі-жиі жарыстар ұйымдастырамын;
- ә) басшылар ескерткенде ғана;
- б) бас ауыртқым келмейді.

8. Оқушыға қол жұмсайсыз ба?

- а) мүлде қол жұмсамаймын;
- ә) анда-санда;
- б) «Аюға намаз үйреткен – таяқ» деп есептеймін.

9. Мұғалім болғаныңызға

- а) ризасыз;
- ә) сізге бәрібір;
- б) өкінесіз.

10. Ұжым арасында беделіңіз:

- а) өте жоғары;
- ә) жақсы;
- б) орташа.

Әрбір «а» жауабына – 5 ұпай, «ә» жауабына – 3 ұпай, «б» жауабына – 1 ұпай есептеңіз.

45-50 ұпай жинасаңыз:

Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан - тәнімен берілген жансыз.

44-21 ұпай жинасаңыз:

Сіз арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін күйде жүрсіз. Сізге көп іздену керек.

20-11 ұпай жинасаңыз:

Сіз босқа уақыт өткізіп жүрсіз. Орыныңызды бала жанын түсінетін шын мұғалімге босатқаныңыз жөн.

Қорытынды. Тест нәтижелері негізінде мас мамандарға, яғни, ұстаздарға ұсыныстар айтылып, соңында сәттілік тілейміз.

Оқушылардың өмір туралы көзқарастарын кеңейту

К. АБИТОВА

Мақсаты: оқушылардың өмір туралы көзқарастарын кеңейту, өмірдегі шиеленіс, қиын жағдайлардан шыға білуге үйрету, өмірлік жетістіктеріне жету мақсатына талпындыру, сенімділігін нығайту.

I. Оқушыларды зерттеу бөлімі: «Өмір» жаттығуы.

Мақсаты: Өмір туралы көзқарастары мен түсініктерін білу.

Шарты: Экрандағы «өмір» деген сөзге ассоциация жасай отырып, әр әріпті жеке-жеке талдап беру.

Мысалы: өмір – өзең, өмір – мейірім өмір – ірге тас, өмір – рахат.

«Менің таңдауым» жаттығуы.

Мақсаты: оқушылардың өмірдегі таңдауын анықтау.

Шарты: оқушылардың бірі ортаға шығып, қоғамдағы зиянды әдеттің бірін жарнамалайды. Ал, екінші оқушы сол зиянды әдетке қалай қарайтынын айтады.

II. Оқушылардың көзін жеткізу, эксперимент жасау.

«Өмірге эксперимент» жаттығуы.

Мақсаты: оқушылардың өмірдегі қиындықтар мен жеңілістердің болатынын эксперимент жаттығуы арқылы көз жеткізу. Қиялын дамыту.

Шарты: банкаға тас, құм салып, су құю арқылы өмірде әр түрлі қиындығы мен кедергілері араласып келетінін ұғындыру.

«Ашулы шарлар» жаттығуы

Мақсаты: бала бойындағы агрессияның алдын алу.

Шарты: 8-10 қатысушы ортаға шақырылып, оларға шарды үрлеп, байлау сұралады.

Қатысушыларға түсіндіру керек, шарлар адамның денесін бейнелейтінін, ал оның ішіндегі ауа – адам сезімі екенін айту. Қатысушылар қолдарындағы шарды аяқтарымен жаруы керек.

– Шарды жарғанда қандай сезімде болдыңдар? Ашуды осылай шығару дұрыс жол деп ойлайсыңдар ма? Осыншама ашудан соң қандай сезімде боласыңдар?

– Бұлай қатты жарылған шар агрессияны білдіреді. Ол қауіпті.

– Енді қатысушылар келесі шарды үрлейді, оны байламай ұстап тұрады. Бұл шарлар ашу толы сезімді білдіреді, ал енді жайлап қана жарты ауасын шығарайық. Шар кішірейді. Бірақ жарылмады. Бұл нені білдіреді? Егер біз ашуымызды бақылап шығарсақ, ол ешкімге зақым келтірмейді.

Енді қатысушылар шардағы ауаны толығымен сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз ашудың қауіпсіз жолын табу ол әр адамның өз қолында екендігін тұжырымдау.

«Лебіз» жаттығуы.

Мақсаты: өмірдегі әр түрлі жағдайларды әр бір жеке тұлғаның әр түрлі қабылдайтынына көз жеткізу

Шарты: барлықтарыңыз қағаз алыңыздар. Осы қалыпта ұстаймыз. Енді менің айтқандарымды бұлжытпай орындаңыз. Қағаздың оң жақ шетін үзіңіз, енді ортасынан бүктеп оң жақ шетін үзіңіз, ортасынан бүктеп оң жақ шетін үзіңіз, ортасынан бүктеп, оң жақ шетін үзіңіз. Енді қағаз майлығымызды ашып қарайық.

Не шықты? Бәріңіздікі бірдей ме? Неге бірдей шықпады? Бәріміз бір нұсқауды орындадық емес пе?

Бұдан шығар қорытынды біз бәріміз әр түрліміз, яғни бір нұсқауды әр адам, әр түрлі қабылдайтынымызды білдіреді, егер бізді барлығы түсінсін десек, өмірде нақтылықты, дәлдікті, шыншылдықты өз ұстанымымыз етуіміз тиіс.

III. Оқушыларға психологиялық көмек, қолдау көрсету.**«Ақ лента» жаттығуы**

Мақсаты: өмірлік мақсатын анықтай алу қабілетін дамытып, болашаққа өзін-өзі баулуға үйрету, жағымсыз мінезден арылуға көмектесу.

Шарты: плакатқа МЕН деген жазу ілінеді, балалардың алдына ақ лента салынады.

Балаларға егер болашағыңыз үшін жауапкершілікті сезінсеңіз, өміріңіздің жақсы болғанын қаласаңыз мына лентадан аттаңыз, аттар

алдында қандай жаман мінезіңізден құтылғыңыз келетінін қағазға жазып, плакаттағы МЕН әріптеріне жапсыру сұралады.

Бәрі өздерінің бойларындағы жағымсыз мінездері жазылған қағазды МЕН әріптеріне жапсырып, ақ лентаны аттайды. Барлық қатысушылар болған соң плакаттағы әріптерді жыртып қоқыс жәшігіне тасталады.

Мектеп түлектеріне арналған психологиялық қолдау

3. КАРИМОВА

Мақсаты: мектеп түлектерін мемлекеттік қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындық кезінде психологиялық қолдау, қорқыныш пен ішкі уайымдарын анықтай отырып, жаттығулар арқылы арылту. Оқушылардың бойларындағы болашаққа, өздеріне деген сенімділіктерін арттыру.

Міндеттер:

1. Стреске қарсы тұруын арттыру;
2. Сенімді мінез-құлық дағдысын қалыптастыру;
3. Эмоциялық ерік-сферасын дамыту;
4. Эмпатия сезімін дамыту, өзіне көңіл бөлу және айналадағыларға сенім білдіру;
5. Ішкі резервтерін тірек етіп, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.

Әдістер: жаттығулар, ойын әдістері, топтық кеңестер, синквейн әдісі.

Қажетті құралдар: ақ бет, қызыл түсті бояу, қарындаш.

Өткізілу түрі: тренингтік, нейрогимнастикалық жаттығулары.

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары.

Психолог сөзі: Құрметті оқушылар! Сендер үшін 11-сынып жаңа өмір баспалдағының алғашқы сатысы. Мұндай белестер өмір мектебінде көп болады. Осы алдағы белестерден сүрінбей өтулеріңе ата-ана да, ұстаздарыңда тілектеспіз. Сүрінбей өту үшін білімді, сенімді болуымыз керек. Қиындықтарға төтеп беретін психологиялық рухани күш керек. Сондықтан да біз бүгін сендерді осы тақырыпта психологиялық дайындықты күшейтуге шақырып отырмыз. Сәттілік тілейміз!

1-жаттығу: «Қошеметтеу арқылы амандасамыз!»

Адамдар жиі бір-біріне алғыс айтып ризашылық сезімдерін жеткізіп отырулары керек. Өйткені қазіргі уақытта адамдарға шынайы көңіл жетіспейді. Алғыс айту, ризашылық білдіру оң энергия. Бүгін біз бір-бірімізбен қол шапалақтау арқылы амандасып, шынайы ниетімізді, сабаққа

дайындығымызды білдіреміз. Ол үшін сол қолыңызды алдыңызға көтеру керек. Оң қолдың сұқ саусағымен сол қолдың алақанын түртіңіз. Осы тыныш дыбыстарды тыңдаңыз. Енді екі саусақпен, үш, төрт, бес саусақ – қол шапалақтау жарқын болады, ал енді бір-біріңізбен алақаныңызбен амандасыңыз. Қол шапалақтағаныңыз үшін рахмет, Мен сіздің энергияңызды, қолдауыңызды сезіндім.

2-жаттығу «Емтихан» «ҰБТ» сөздеріне Синквейн жасау.

Синквейн жазу ережесі:

Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды.

- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде);
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде);
- 3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс-әрекет жазылады (етістік, көсемше);
- 4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі;
- 5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

3-жаттығу. Арт терапиялық жаттығу «Сезімдер қайда ұялайды?» немесе **«Алғашқы көмек»** ойыны.

Қажетті құралдар: бұл жаттығуды орындау үшін сізге ақ парақ және қарапайым қарындаш, қызыл бояу қажет.

Ойын барысы: әр қатысушы қағаз парағын алады және адамның суретін салады. Сол адамның бейнесіне «емтихан кезінде қауіп бар аймақтарды» қызыл түспен белгілейді. (мысалы, басы – «шамадан тыс жүктеме»).

Ойланыңыз, **«Менің қорқынышым қайда тұрады?»** мұны адамның контурына белгілеңіз. Сіз әдетте толқуды немесе мазасыздықты қалай шешесіз? Мұны параққа жазыңыз. Барлығы өз ойымен бөліседі.

Содан кейін жалпыланған нұсқа жасалады.

Қорытынды: емтиханға дайындық кезінде біздің ағзамыз бірдей зардап шегеді

Емтиханға дайындық:

- Көру;
 - Омыртқа;
 - Бас ауруы;
 - Ас қорыту жүйесі;
 - Жүрек-қантамыр жүйесі;
 - Жүйке жүйесі.
- Қараңызшы, барлық адамдар қызыл түске боялған! Не істеу керек? Өзімізді құтқаруымыз қажет!

Емтиханға, ҰБТ-ға дайындық кезінде ағзаның бөліктеріне қалай көмектесу керектігі туралы талқылау ұйымдастырылады. Мысалы, көзге көмектесу жақсы жарықтандырылған бөлмеде оқуды, оны жатпауды,

көзілдірікпен оқуды, егер олар тіркелген болса, теледидарды ұзақ уақыт көруден және компьютерде жұмыс істеуден аулақ болуды және т.б. айтылады.

Сабаққа қатысушыларда стресті жеңілдету үшін: аяқ пен жамбас аймағына; арқадағы ауырсыну кезінде және мүсінді түзету үшін; бас үшін; көз үшін жаттығулар жасайды.

«Тыныс алу» жаттығуын орындаңыз.

Бұл жаттығуды орындау үшін қолыңызды тізеңізге қойыңыз, арқаңызды арқалыққа тақап ыңғайлы отырыңыз.

Бірінші кезең (4-6 секунд). Мұрын арқылы терең тыныс аламыз, ауыз арқылы дем шығарамыз.

Екінші кезең (2-3 секунд). Дем алудың кідіруі.

Үшінші кезең (4-6 секунд). Ауыз арқылы күшті, терең дем шығару. Дем шығару кезінде тік толқындарды ауада тік қолдарыңызбен тартыңыз (емтихан кезінде бұл жаттығуды қолдарыңызбен серпілместен өзгерту керек).

Осылайша, 2-3 минуттан артық емес дем алыңыз.

4-жаттығу «Гимнастика»

Мақсаты: аяқ пен жамбас аймағын; арқадағы ауырсыну кезінде және мүсінді түзетуге арналған жаттығу.

5-жаттығу «Көзге арналған жаттығу»

Мақсаты: көздің көру аймағын кеңейту, қабылдау деңгейін арттыру.

6-жаттығу «Стресті жеңе білейік!»

Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, стрестік кезеңде қалыпқа келу.

Барысы: Екі қолға ақ қағазды алып мыжғылау, кері жазу.

7-жаттығу: «Психологиялық тест»

Мақсаты: көзді жаттықтыру, зейінді шоғырландыру.

Барысы: экраннан түстердің жазулары шығып тұрады. Қатысушылар жазудың бояуына емес, түс атауына мән беруі керек.

8-жаттығу «Стресті жеңу үшін не істеу қажет?» шағын дәріс.

Біріншіден: стресс кезінде ағзада дәрумендер қоры бітеді, әсіресе, В дәрімені жетіспейді. Дәрумендерді шамадан тыс пайдаланбаған жөн.

Екіншіден: денені шынықтыру қажет. Спортзалға жиі барып дене шынықтыру жаттығуларын жасаңдар, билеңдер, өн айтыңдар, бассейнге барып жүзіңдер, далада көп серуендеңдер.

Үшіншіден: психикалық және физикалық демалу үшін релаксация қажет. Келесі әдістерді қолданып көріңіздер: баяу музыка тыңдап, түнгі аспанға қарап армандандар.

Төртіншіден: үйлесімді өмір сүру үшін, ең алдымен, отбасының, жолдастарының, жақын-туыстардың көмегі қажет. Психологиялық тренингтерге барып, отбасылық қызықты отырыстар ұйымдастырыңдар.

Қорытынды рефлексия.

Енді бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңді сол алақандарыңды жайып тұрып өз ойларыңды айтасыздар, ал оң алақанға келешекте неге қол жеткізгілеріңіз келеді соны айтамыз да, барлығы орындалу үшін қол шапалақтаймыз. Барлығымыз бірлесіп хормен «Рахмет» дейміз.

Психолог: Құрметті мектеп түлектері, алдарыңда үлкен сын, намысты дода тұр. Сол сынға әрқашан сеніммен барыңдар. Бақытты ғұмыр болмайды, ол бақытты секунд, бақытты минут, бақытты сәттерден тұрады, біз сол бақытты сәтті сезіне білу арқылы бақытты боламыз. Барлығыңыз қолдарыңды жоғары көтеріңдер, біркелкі хор дауыспен «Біз емтиханға сеніммен барамыз!» деп айтыңыздар.

Тәуекел тобындағы оқушының жеке әлеуметтік, педагогикалық, психо-диагностикалық картасы

С. БРАТАШ

Жалпы мәлімет

Оқушының аты-жөні: _____ КОД

Туған күні, айы, жылы: _____

ЖСН: _____

Жынысы: ұл қыз. **Ұлты:** қазақ басқа _____

Сыныбы: 0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11

Мектепке қабылданған жылы: _____

2. Ата-анасы (заңды өкілдері) туралы мәлімет

Әкесі (аты-жөні): _____

Шешесі (аты-жөні): _____

Жанұя туралы қысқаша мәлімет:

Отбасының жағдайы (қажеттісін белгілеңіз):

- көп балалы отбасы
- жартылай жетім (әкесі/анасы қайтыс болған)
- тұл жетім
- қорғаншылықта (сенім хатпен)
- өгей әкесімен / өгей анасымен тұрады
- ата-анасы ажырасқан
- аз қамтылған отбасы

Отбасы құрамы: ____ **Отбасындағы бала саны:** ____ **Отбасындағы реттік саны:** ____

Отбасындағы қарым-қатынас деңгейі: жоғары жақсы қалыпты орта төмен

Отбасындағы қиындықтар. (ажырасу, сотталу, туыстарының қайтыс болуы т.б.):
 анықталған анықталмаған

Отбасындағы психологиялық ахуал: қолайлы тұрақсыз қолайсыз

Әлеуметтік материалдық жағдайы: жоғары орта төмен

Отбасында суицид фактілері: орын алған орын алмаған

Үйдегі қолдау деңгейі: жоғары орташа төмен

Ата-анасының оқуға көзқарасы: талаппен жалпы бақылау немқұрайлы

3. Денсаулық жағдайы. Жалпы денсаулығы: жақсы орташа әлсіз

Дәрігерлік анықтамалар (диагноз болса): _____

жоқ

Көру, есту ерекшеліктері: жақсы орташа әлсіз

4. Танымдық қабілеттері

Көрсеткіштер	Жоғары	Орташа	Төмен
Зейіні	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Есте сақтау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ойлау қабілеті	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сөйлеу тілі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқу дағдысы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Жазу дағдысы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қабылдауы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

5. Сынып жетекшісінің ақпараты

Оқу үлгерімі: өте жақсы екпінді орташа үлгерімі төмен

Оқу мотивациясы: жоғары орташа төмен

Сабақтағы көңіл күйі: тұрақты тұрақсыз

Сабаққа қатысуы мен тәртібі: жоғары орта төмен

Қоғамдық сынып жұмысына қатысуы: төмен қалыпты белсенді

Қиындықтар: _____ пәндерінен кейде қиындықтар туындайды.

Қосымша білім беру қажеттілігі: қажет етеді қажет етпейді

Темперамент бойынша: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик

6. Мінез-құлық және қарым-қатынас

Тәртібіндегі өзгеріс: байқалады байқалмайды қалыпты белсенді

Оқушының мектептегі достары: 0-1 оқушы 2-4 оқушы 5-9 оқушы

Сыныптастарымен қарым-қатынасы: жақсы қақтығыстар бар болмаған

Мұғалімдермен қақтығыстар: болмаған кейде болады жиі болады

Әлімжеттік (буллинг) фактілері: анықталған анықталмаған

Оқушының сынып ұжымындағы ролі мен орны:

көшбасшы, жұлдыз, қалаулы, қалаусыз, шеттетілген, ұжымнан алшақ

Қоғамдық іс-шараларға қатысуы:

мәдени іс-шаралар

спорт (волейбол, күрес, футбол, т.б.)

үйірмелер: _____

Оқушының жеке тұлғасында кездесетін қабілеттері:

бейнелеу өнеріне, музыка

техникаға

математика

спорт

т.б. _____

7. Психологиялық профиль (интегративті бағалау)

Эмоционалдық жағдайы:

тұрақты

мазасыз

күйзелісті

агрессивті

тұйық

эмоционалдық тұрақсыз

Өзін-өзі бағалау деңгейі:

жоғары адекватты төмен

Стресс пен фрустрацияға төзімділігі:

жоғары орташа төмен

Мотивациялық бағыты:

жетістікке бағытталған

сәтсіздіктен қашу

тұрақсыз

Қауіп мінез-құлық индикаторлары:

суицидтік ойлар

аутоагрессия

- тәуекел әрекеттер
- тәуелділікке бейімділік
- жоқ

8. КОД _____ Анамнез

«Баланың даму тарихындағы негізгі оқиғалар туралы мәлімет»

«Негізгі өмірлік оқиғалар»

- 1-сынып _____
- 2-сынып _____
- 3-сынып _____
- 4-сынып _____
- 5-сынып _____
- 6-сынып _____
- 7-сынып _____
- 8-сынып _____
- 9-сынып _____
- 10-сынып _____
- 11-сынып _____

«Өміріндегі маңызды оқиғалар (оқушының айтуы бойынша)»

9. Тәуекел деңгейі:

Тәуекел тобы: жоқ бар

Тәуекел деңгейі: төмен орташа жоғары

10. Анықталған факторлар: _____

Диагностикалық нәтижелер

Қолданылған әдістемелер: _____

Нәтижелердің қысқаша сипаттамасы: _____

11. Қорытынды

Ескертпе _____

12. Ұсынымдар

Оқушыға: _____

Ата-анаға: _____

Сынып жетекшісіне/мұғалімдерге: _____

«Үй» техникасы арқылы балалардың сенсомоторлық дамуын анықтау

Н. БӨПЕЖАНОВА

«Үй» техникасы (Н.И. Гуткина) – бұл жеке бөлшектері бас әріптердің элементтерінен тұратын үйдің суретін салуға арналған тапсырма. Әдіс-төме 5-10 жас аралығындағы балаларға арналған және баланың мектепке дайындығын анықтау үшін қолданыла алады.

Зерттеу мақсаты: баланың күрделі үлгіні көшіру қабілетін анықтау.

Тапсырма баланың үлгі бойынша бағдарлай білу қабілетін анықтауға, оны дәл көшіруге, еріксіз зейіннің, кеңістікті қабылдаудың, сенсомоторлық үйлестірудің және қолдың ұсақ моторикасының даму ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар: сурет үлгісі, қағаз парағы, қарындаш.



Зерттеу барысы

Тапсырманы орындамас бұрын балаға нұсқау беріледі: «Алдыңда қағаз бен қарындаш жатыр. Осы параққа дәл осы жердегідей сурет салыңыз (баланың алдына үйдің суреті салынған парақ қойылады). Асықпаңыз, абай болыңыз, суретіңіз дәл суреттегідей болуға тырысыңыз. Егер сіз бірдеңені дұрыс салмасаңыз, оны резеңке таспамен өшірмеңіз (баланың серпімді жолағы жоқ екеніне көз жеткізіңіз). Қате сызбаның үстіне немесе оның жанына дұрыс сурет салу керек. Тапсырма саған түсінікті ме? Онда жұмысқа кіріс».

Тапсырманы орындау барысында түзету қажет:

1. Бала қандай қолмен сурет салады (оңға немесе солға);
2. Ол үлгімен қалай жұмыс істейді: ол оған қаншалықты жиі қарайды, суреттің контурын қадағалайтын сызба-үлгінің үстінен сызықтар жүргізе ме, сызылған суретті үлгімен салыстыра ма, әлде жадынан сурет сала ма;
3. Сызықтарды жылдам немесе баяу жүргізеді;
4. Жұмыс кезінде алаңдаушылық бар ма;
5. Сурет салу кезіндегі мәлімдемелер мен сұрақтар;
6. Жұмысты аяқтағаннан кейін сызбасын үлгімен салыстыра ма.

Бала жұмыстың аяқталғандығы туралы хабарлаған кезде, оған бәрінің дұрыстығын тексеруге кеңес беріледі. Егер ол сурет салудағы қателіктерді байқаса, оларды түзете алады, бірақ оны экспериментатор түзетуі керек.

Нәтижелерді өңдеу және талдау

Тәжірибелік материалды өңдеу қателіктер үшін берілетін ұпайларды есептеу арқылы жүзеге асырылады. Қателер келесідей.

1. Суреттің әлдебір бөлшектерінің болмауы (4 ұпай). Суретте қоршау (бір немесе екі жарты), түтін, құбыр, шатыр, шатырдағы люк, терезе, үйдің негізін бейнелейтін сызық болмауы мүмкін;

2. Бүкіл сызбаның өлшемін салыстырмалы түрде дұрыс сақтай отырып, сызбаның жеке бөліктерін екі еседен астам ұлғайту (әрбір үлкейтілген бөлік үшін 3 ұпай);

3. Сурет элементі дұрыс көрсетілмеген (3 ұпай). Түтін сақиналары, қоршау, шатырдағы люк, терезе, құбыр дұрыс көрсетілмеуі мүмкін. Сонымен қатар, егер қоршаудың оң (сол) бөлігін құрайтын таяқшалар дұрыс салынбаған болса, онда әрбір дұрыс емес таяқша үшін емес, тұтастай алғанда қоршаудың бүкіл оң (сол) бөлігі үшін 2 балл алынады. Бұл құбырдан шығатын түтін сақиналарына және үйдің төбесіндегі люктерге де қатысты: 2 балл әрбір дұрыс емес сақина үшін емес, барлық дұрыс көшірілмеген түтін үшін алынады; люктегі әрбір дұрыс емес сызық үшін емес, тұтастай алғанда шатырдың люктері үшін.

Қоршаудың оң және сол жақтары бөлек бағаланады: сондықтан егер оң жағы дұрыс сызылмаған болса, ал сол жағы қатесіз көшірілген болса (немесе керісінше), онда бала сызылған қоршау үшін 2 балл алады; егер оң және сол жақта қателіктер жіберілсе, онда 4 балл (әр бөлік үшін 2 балл). Егер қоршаудың оң (сол) жағының бір бөлігі дұрыс көшірілсе, ал бір бөлігі дұрыс көшірілмесе, онда қоршаудың сол жағына 1 балл беріледі; түтін сақиналары мен шатырдың люктеріне де қатысты: егер түтін сақиналарының бір бөлігі ғана дұрыс сызылған болса, онда түтін 1 балл деп бағаланады; егер шатырдағы люктің бір бөлігі ғана дұрыс көшірілген болса, онда барлық люктер 1 баллға бағаланады. Сызбаның егжей-тегжейіндегі элементтердің қате көбейтілген саны қате деп саналмайды, яғни қоршауда қанша таяқша, түтін сақиналары немесе шатырдың көлеңкесінде сызықтар болатыны маңызды емес;

4. Бөлшектердің сурет кеңістігінде дұрыс орналаспауы (1 ұпай). Бұл түрдегі қателіктерге мыналар жатады: қоршаудың үйдің негізімен ортақ сызықта емес, оның үстінде орналасуы, үй ауада немесе үйдің негізгі сызығынан төмен ілулі тұрғандай; құбырдың шатырдың сол жақ шетіне жылжуы; терезенің орталықтан кез келген жаққа айтарлықтай ығысуы; түтіннің көлденең сызықтан 30°-тан астам ауытқуының орналасуы; шатырдың негізі үйдің негізіне сәйкес келеді және одан аспайды (үлгіде шатыр үйдің үстінде ілулі);

5. Түзу сызықтардың берілген бағыттан 30°-тан астам ауытқуы (1 балл): үй мен шатырды құрайтын тік және көлденең сызықтар; қоршау таяқшалары; шатырдың бүйір сызықтарының көлбеу бұрышының өзгеруі (оларды өткір бұрыштың орнына шатырдың негізіне тік немесе доғал бұрышта орналастыру); қоршау негізінің сызығының көлденең сызықтан 30°-тан астам ауытқуы;

6. Қосылу керек жерлердегі сызықтар арасындағы үзілістер (әрбір үзіліс үшін 1 ұпай). Егер төбедегі люк сызықтары шатыр сызығына жетпесе, әрбір дұрыс емес люк сызығы үшін емес, тұтастай алғанда барлық люктер үшін 1 балл қойылады;

7. Сызықтар бір-біріне сәйкес келеді (әр сәйкес келу үшін 1 балл). Егер төбедегі люк сызықтары шатыр сызығынан асып кетсе, әрбір дұрыс емес люк сызығы үшін емес, тұтастай алғанда барлық люктер үшін 1 балл қойылады.

Суреттің жақсы орындалуы «0» баллмен бағаланады. Осылайша, тапсырма неғұрлым нашар орындалса, жиынтық баға соғұрлым жоғары болады. Дегенмен, эксперимент нәтижелерін түсіндіру кезінде баланың жасын ескеру қажет. Бес жасар балалар сенсомоторлық үйлестіруге жауап беретін ми құрылымдарының жетілмегендігіне байланысты «0» бағасын өрең алады.

Балалардың суретін талдау кезінде сызықтардың табиғатына назар аудару қажет: өте жуан немесе «қыл-қыбыр» сызықтар баланың мазасыздық жағдайын көрсете алады. Бірақ мазасыздық туралы қорытынды ешбір жағдайда тек осы сурет негізінде жасалмауы керек. Күдіктер мазасыздықты анықтайтын арнайы әдістермен тексерілуі керек.

Әдістеме «Үй» техникасы жеке де, шағын топтарда да жүзеге асырылуы мүмкін.

Әдістемені ұпаймен орындау нәтижесі бір баланы екінші баламен салыстыру үшін емес, әр түрлі жастағы бір баланың сенсомоторлық дамуындағы өзгерістерді бақылау үшін анықталады.

Қыз тәрбиесіндегі әкенің орны

Н. ИЛИЯСОВА

Мақсаты: әрбір отбасыда және қоғамда әкенің алатын орны ерекше. Әсіресе, қыз тәрбиесіндегі әкенің алатын орнының аса ерекше екендігін оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру. Қыз бен әке дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдануға ой салу. Әкенің ыстық махаббаты анасының қырық ақылынан да артық келетінін нақтылау. Әке мен қызы

арасында жағымды ахуал орнату. Бір-бірін жаңа қырларынан танып білу.

Педагог-психолог: Армысыздар, құрметті әріптестер, қонақтар және ата-аналар! Бүгін маған осындай керемет жандармен сабақ өту бақыты бұйырған екен, ол үшін тек қуанып қатысушыларға алғысымды білдіремін.

1. Педагог-психолог: Сабағымызды бастамас бұрын әкелермен қыздарды ортаға шақырып таныстырайық. (Өзімді таныстыру)

Кез келген қарым-қатынас сәлемдесу мен танысудан басталатынын білеміз. Олай болса, әкелеріміз амандасып, ал қыздарыңыз өздерін таныстырып, екеуіңіз ортақ бір жест жасап көрсетсеңіздер.

2. Келесі кезекте «Әке мен қыз» атты арнайы дайындалған бейнероликке назар аударайық. (Талқылау, ойларымен бөлісу)

- Құрметті әкелер, көрсеткен бейнероликтен қандай әсер алдыңыздар, не сезіндіңіздер? Қандай ой түйдіңіздер?

Педагог-психолог: әке – қызы үшін алдымен қорған, тірек. Әкенің қыз бала тәрбиесінде алар орны өте маңызды. Қыздың өсіп-жетілуі, болашақ жарымен қарым-қатынасы, отбасылық өмірдегі жетістігі мен өзін-өзі танытуы дәл осы әкенің қызына деген қарым-қатынасына байланысты. Қызына жылы сөйлеп, жақсы істеріне үнемі мақтау айтып отыратын әке қыздың өзін-өзі бағалап, үлкен жетістіктерге жетуіне, дұрыс жолды таңдауына себепкер болады.

3. «Ауызша волейбол» жаттығуы

Мақсаты: отбасындағы қарым-қатынасты нығайту. Бірін бірі жаңа қырларынан тану.

Нұсқау: жүргізуші әкеге және қызға допты лақтыра отырып әр түрлі сұрақтар қояды.

1. Әкеге сұрақ: Қызыңызға күнделікті қанша уақыт бөлесіз?

1. Қызға сұрақ: Әкеңнің үнемі қандай жағымды сөздер айтып еркелеткенін қалайсың?

2. Әкеге сұрақ: Қызыңыздың қатты қуанған сәті?

2. Қызға сұрақ: Әкеңізбен бірге қыдыруды қалайсың ба және қайда қыдырғың келеді?

3. Әкеге сұрақ: Қызыңыз сіздің бағалы затыңызды сындырып қойды, сіздің әрекетіңіз?

3. Қызға сұрақ: Әкеңіз сізге қандай сыйлық сыйлағанын қалайсыз?

4. Әкеге сұрақ: Қызыңыздың бойынан өзіңіздің қай қасиеттеріңізді көбірек көресіз?

4. Қызға сұрақ: Отбасында көбірек кімді жақсы көресіз?

5. Әкеге сұрақ: Қызыңыздың болашағы туралы ойлағанда сізді не алаңдатады?

5. Қызға сұрақ: Осы жерде бір арманыңды айта ғой. Әкең көпшіліктің көзінше сол арманыңды орындауға уәдесін берсін.

6. Әкеге сұрақ: Осы уақытқа дейін қызыңызға қанша рет сыйлық жасадыңыз?

6. Қызға сұрақ: Әкеңіз сіз үшін қандай адам?

7. Әкеге сұрақ: Қызыңызды қалай қуантасыз? Құлағына сыбырлап маңызды бір нәрсе айтыңыз, қызыңыздың қуанып қалғанын көрейік.

7. Қызға сұрақ: Әкешің сені қалай еркелетеді?

8. Әкеге сұрақ: Қызыңыздың қандай қабілеттері бар екенін білесіз бе?

8. Қызға сұрақ: Ата-анаңа айтпай, жасырын жасаған бұзықтығыңыз бар ма?

9. Әкеге сұрақ: Қызыңызды мақтаңыз.

9. Қызға сұрақ: Әкеңіздің туған күнін білесіз бе?

10. Әкеге сұрақ: Қызым үйде, қылығы түзде дегенді қалай түсінесіз?

10. Қызға сұрақ: Әкешіңнің жақсы қасиеттерін айта қойшы.

Кері байланыс: құрметті әкелер, сіздерге қойылған сұраққа жауап беру қиын болды ма, кімге қай сұрақ қиындау болды?

4. «Қызыл жіп» әдістемесі (диагностика)

Мақсаты: отбасындағы қарым-қатынасын анықтау.

Нұсқау: Әке мен қызы барлығы бір қатарға тұрады. Әке өзі мен қызының беліне жіп байлайды.

Анықтамасы:

А) жіп ұзындау болса, балаға қамқорлық қажет. Балаңызды естімейсіз. Көбірек көңіл бөлуге кеңес беремін;

Ә) жіп қысқа болса, қатты бақылауда ұстайсыз. Ата-анада алаңдаушылық бар. Бала ата-анадан алшақтайды;

Біз балаларымызды алыста емес жақында емес орта, қалыпты деңгейде ұстауымыз керек.

5. «Қандай кейіп?» жаттығуы

Мақсаты: әке мен қызының эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Нұсқау: қызы әкесінің арқасындағы ақ параққа сурет салады, оны әкесі өзінің алдындағы ақ парақ бетіне түсіреді.

Кері байланыс: Жаттығу сізге қиын болды ма? Көңіл-күйіңіз қалай болды, жалпы баламен жұмыс істеген сізге ұнады ма?

6. «Мозайка» жаттығуы.

Мақсаты: психоземotionalды жағдайды үйлестіру. Түрлі ойындар арқылы баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін дамыту.

Нұсқау: әке мен қыз бірлесіп (мозайка) сурет құрастыруы қажет. Сол шыққан суретті, қимылмен көрсетеді.

Кері байланыс: Қандай сурет шықты? Құрастыру қиын болды ма? Сізге осы жаттығу ұнады ма?

Жүргізуші: Ал, ендігі кезекті, ең қызықты ойынымызды бастайық.

Пазл құрамыз «Басқатырғыш» жаттығуы

Мақсаты: шапшаңдықты, жылдамдықты нығайту және бір-бірін қолдауға берілген мүмкіндікті дұрыс пайдалану.

Нұсқау: әкесі мен қызы бірлесіп пазлдарды құрады. Жылдам құрылған пазылдар үшін сыйлықтар беріледі.

Қорытынды: (кеңес беру) *Жалпы, әке – қыз баланың өміріндегі бірінші махаббаты. Қыз баланы жаманшылықтан тыйу үшін әкенің ыстық махаббаты ананың қырық ақылынан да артық келеді. Сондықтан әке мейірімін аямауы керек. Жақсылық пен жаманшылықтың бірін таңдау керек болған кезде, қыз бала «әкемді жерге қаратпаймын» деп, сіздің махаббатыңыздың арқасында жаза басудан аман қалатынын біле жүргеніңіз дұрыс.*

Білім алушылардың психологиялық саулығын нығайту

М. ИСКАКОВА

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе;
2. Нормативтік-құқықтық негіздер;
3. Психологиялық саулық ұғымы және құрылымы;
4. Жас ерекшелік психологиясы;
5. Білім беру ортасындағы психологиялық қауіпсіздік;
6. Эмоциялық интеллектіні дамыту;
7. Стрестің алдын алу және күйзеліс профилактикасы;
8. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу;
9. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
10. Өзін-өзі бағалау және мотивация;
11. Психологиялық диагностика және мониторинг;
12. Түзету-дамыту жұмыстары;
13. Инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық қолдау;
14. Ата-анамен жұмыс жүйесі;
15. Педагогтерге арналған практикалық ұсыныстар;
16. Психологиялық қызметтің жылдық жоспары (үлгі);
17. Практикалық тренингтер мен жаттығулар жинағы;
18. Қорытынды және әдебиеттер.

1. Кіріспе

Қазіргі қоғамда білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау – білім беру ұйымдарының маңызды стратегиялық міндеті. Психология-

лық тұрғыдан тұрақты тұлға оқу процесінде белсенді, әлеуметтік ортада бейімделген және өмірлік қиындықтарға төзімді болады.

Бұл әдістемелік құрал білім беру ұйымдарындағы психологиялық жұмысты жүйелеуге және тиімді ұйымдастыруға арналған.

2. Нормативтік-құқықтық негіздер

Психологиялық қызмет төмендегі құжаттарға сүйенеді:

- ҚР Конституциясы;
- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- Баланың құқықтары туралы Конвенция;
- Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет туралы ережелер.

3. Психологиялық саулық ұғымы және құрылымы

Психологиялық саулық құрамына мыналар кіреді:

- Эмоциялық тұрақтылық;
- Өзін-өзі реттеу;
- Әлеуметтік бейімделу;
- Коммуникативтік құзыреттілік;
- Стреске төзімділік.

4. Жас ерекшелік психологиясы

Бастауыш буын

- Эмоциялық қолдауға мұқтаж;
- Ойын әдісі тиімді.

Орта буын

- Құрдастар ықпалы басым;
- Өзіндік бағалау тұрақсыз.

Жоғары буын

- Емтихандық стресс;
- Болашақ мамандық таңдауға байланысты алаңдаушылық.

5. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасы

Психологиялық қауіпсіз орта:

- Қорқыту мен кемсітудің болмауы;
- Ашық қарым-қатынас;
- Әділдік;
- Қолдау мәдениеті.

6. Эмоциялық интеллектіні дамыту

Эмоциялық интеллект компоненттері:

1. Эмоцияны тану;
2. Эмоцияны басқару;
3. Эмпатия;
4. Әлеуметтік дағдылар.

Дамыту әдістері:

- Рөлдік ойындар;
- Талқылау;
- Рефлексия.

7. Стрестің алдын алу

Стресс факторлары:

- Үлгерім;
- Қарым-қатынас қиындықтары;
- Отбасылық жағдай.

Алдын алу шаралары:

- Релаксация
- Уақыт менеджменті
- Денсаулық сақтау режимі

8. Буллинг және кибербуллинг

Буллинг түрлері:

- Физикалық;
- Психологиялық;
- Әлеуметтік;
- Онлайн қысым.

Алдын алу:

- Сенім жәшігі;
- Анонимді сауалнама;
- Психологтың жеке жұмысы.

9. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу

Қауіп белгілері:

- Тұйықталу;
- Үмітсіздік сезімі;
- Қоштасу сипатындағы сөздер.

Алдын алу:

- Ерте диагностика;
- Психологиялық қолдау;
- Ата-анамен тығыз байланыс.

10. Өзін-өзі бағалау және мотивация

Қалыптастыру жолдары:

- Жетістік күнделігі;
- Позитивті кері байланыс;
- Мақсат қою.

11. Диагностика және мониторинг

Әдістер:

- Сауалнама;
- Тест;
- Бақылау;
- Әңгімелесу.

Мониторинг кезеңдері:

- Бастапқы;
- Аралық;
- Қорытынды.

12. Түзету-дамыту жұмыстары

- Арт-терапия;
- Қарым-қатынас тренингі;
- Релаксациялық жаттығулар;
- Топтық психологиялық сабақтар.

13. Инклюзивті білім беру жағдайындағы қолдау

- Жеке қолдау жоспары;
- Педагогпен бірлескен жұмыс;
- Ата-анамен тұрақты байланыс;
- Қолайлы орта қалыптастыру.

14. Ата-анамен жұмыс

Формалары:

- Семинар;
- Тренинг;
- Кеңес;
- Ақпараттық буклет.

15. Педагогтерге ұсыныстар

- Баланы кемсітпеу;
- Салыстырмау;
- Қолдау көрсету;
- Әділ бағалау.

16. Жылдық жоспар (үлгі)

Ай	Іс-шара	Жауапты
Қыркүйек	Диагностика	Психолог
Қазан	Тренинг	Психолог
Қаңтар	Ата-аналар жиналысы	Әкімшілік
Сәуір	Мониторинг	Психолог

17. Практикалық тренингтер жинағы

1. «Эмоция картасы»

Оқушы эмоциясын таңдап сипаттайды.

2. «4-7-8» тыныс алу әдісі

4 – дем алу

7 – ұстап тұру

8 – шығару

3. «Жылы орындық»

Сыныптастары жақсы қасиеттерін айтады.

4. «Менің болашағым»

5 жылдан кейінгі өзін сипаттау.

5. Рефлексия шеңбері

- Не үйрендім?
- Не сезіндім?

18. Қорытынды және әдебиеттер

Білім алушылардың психологиялық саулығын нығайту – кешенді, жүйелі және ұзақ мерзімді жұмысты талап етеді. Психологиялық қызметтің

тиімді ұйымдастырылуы білім сапасының артуына және тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер (үлгі):

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
2. Баланың құқықтары туралы Конвенция;
3. Қ. Жарықбаев. Психология;
4. Р.С. Немов. Психология;
5. Д. Гоулман. Эмоциялық интеллект.

Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері

С. ИСМАЙЛОВА

Мақсаты: ата-анаға бала тәрбиесіндегі қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері (сенімділік білдіруі, қолдауы, үміт артуы) туралы түсініктер беру арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруде ағартушылық жұмыстар жүргізу.

Міндеттері:

- Жаттығулар мен ойындар арқылы ата-аналарға балаларының ішкі жан дүниесіне үңілуге мүмкіндік беру, өз перзентін терең тануға тәрбиелеу;

- Тапсырмаларды орындату, бейнеролик көрсету арқылы отбасындағы қарым-қатынастың маңыздылығына көз жеткізу, кемшіліктерді жоюға мотивацияландыру, отбасындағы түсініспеушіліктің алдын алу.

Тренинг бағдарламасы:

I. Ақпараттық бөлім. «Ата-ана мен балалардың өзара қарым-қатынасындағы түсініспеушіліктердің шығу себептері, оларды жою және алдын алу жолдары туралы»;

II. Сәлемдесу;

III. «Жанұямның картасы» отбасылық диагностикалық ойын;

IV. «Сиқырлы тәттілер» психологиялық диагностикалық ойын;

V. Ой қозғау: «Перзент тілегі» бейнеролик тамашалау;

VI. «Қасиеттер дүкені» психологиялық түзету жаттығуы;

VII. Рефлексия: «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына үлес қос».

Сергіту сәті. Физжаттығу «Қызыл өрік» сергіту биі.

II. Сәлемдесу.

Уақыты: 10-15 минут. Ата-аналар мен олардың балаларына қағазға жазылған түрлі жақсы қасиеттер ұсынылады. Солардың ішінен ата-аналар балаларына, балалар ата-аналарына есім таңдап, неліктен сол есімді таңдағанын түсіндіріп береді. Отбасы мүшелері күнделікті өмірде де бірін-бірі еркелетіп, мейіріммен шақыруға үйретеміз. Жылы сөздердің ерекше жылы әсер беретінін сезінеді.

Есімдер: бақытым, қуанышым, гүлім, шаттығым, сұлуым, асқар

тауым, мақтанышым, тілеулесім, сарқылмас бұлағым, байлығым, қам-қоршым.

III. «Жанұямының картасы» отбасылық диагностикалық ойыны.

Мақсаты: отбасындағы үйлесімділікті, отбасының толық немесе толық емес екендігін, отбасы мүшелерінің бір-бірімен қаншалықты тығыз байланыста немесе бір-бірінен алшақтығын анықтау.

Ережесі: Балаларға бір парақ карта беріледі. Ондағы материктер, мұхиттар, өзендерге оқушы өз отбасы мүшелерін орналастыруы қажет. Ата-аналар балаларының суретіне байланысты бірнеше сұраққа жауап береді.

Талдау сұрақтары:

1. Балаңыздың суретіне қарап алынған мәліметтен кейін қандай сезімде болдыңыз?
2. Сурет отбасыңыздағы психологиялық ахуалды көрсете алды ма?

Ойын кілті:

1. Отбасы мүшелерінің барлығы бір материкке орналасса, отбасында үйлесімділіктің барын көрсетеді;
2. Әр отбасы мүшесі әр материк пен мұхиттарға орналасса отбасының ыдырағандығын көрсетеді;
3. Ата-анасының бірі бейнеленбесе толық емес отбасын білдіреді.

IV. «Сиқырлы тәттілер» психологиялық диагностикалық ойын.

Мақсаты: баланың отбасындағы психологиялық жай-күйін анықтау.

Ережесі: балаларға ортаға бір ыдыспен кәмпиттер ұсынылады. Балалар ешқандай ойын ережесінен бейхабар тәттілерді жейді. Ата-аналар мен психологтар бұл процесті бақылап отырады. Балалардың кәмпитті жеп болғасын оның қағазын қайда қойғанына көңіл бөлу қажет.

Ойын кілті:

1. Кәмпиттің қағазын үстелдің үстінде қалдырса, баланың отбасында ешқандай қысым көрмейтінін білдіреді;
2. Қағазды төрелкенің астына жасырса, отбасында балаға қысым болғанымен, бала ол қысымды қабылдамайтынын көрсетеді;
3. Қағазды қалтасына жасырса, отбасындағы қысымның бала психологиясына әсер ететінін білдіреді;
4. Қағазды мүлдем жоюға әрекет болса, отбасындағы балаға деген қысымның өте жоғары және оның бала психологиясына қауіпті екенін білдіреді.

Қорытынды: әрбір бала өз отбасында еркіндікті сезініп, барлық жақсыны, әдеміні көріп, татып өсуге құқылы. Өз отбасында барлық жақсыға көзі тойған бала ешқашан аш көз болмай, үйден тыс жерде өзін ондай игіліктерден тәуелсіз ұстайды, өзгенің затына қызығушылық танытпайды. Барлық тәттіге еркін қолы жеткен бала, өз бойындағы жақсы қасиеттерін де еркін көрсетеді. Ал жақсы, тәттілер баладан жасырылса, ол да өз жақсы жақтарын жасырып өседі.

V. Ой қозғау: «Перзент тілегі» видеоролик тамашалау.

Бейнеороликті талдау:

1. Көрсетілген фильмдегі жағдайдың өмірмен байланысы бар ма?

2. Фильмді көрсетудегі мақсатымыз қандай деп ойлайсыз?
3. Сіздің балаңыздың осындай шығарма жазбасына сенімдісіз бе?

VI. «Қасиеттер дүкені» психологиялық түзету жаттығуы

Мақсаты: балалардың ата-аналарына сенім білдірулеріне түрткі болу, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың ашық, бүкпесіз болуына көмектесу. Ата-аналарды өз балаларына сенім білдірулеріне тәрбиелеу.

Ережесі: «Перзент тілегі» бейнеролигінен алған әсерлерінің нәтижесінде, балалар ата-аналарынан көргісі келетін қасиеттерін таңдап, ата-аналарына ұсынады. Қасиеттер алма формасында беріледі. Ата-аналар өз перзенттерінен алған қасиеттерді (алмаларды) балаларын сендіру мақсатында «Сенім ағашына» барып іледі.

«Қасиеттер» дүкеніндегі тілектер:

1. Кез-келген жағдайда бірден ашуға бой алдырмаса екен;
2. Ата-анам маған күнделікті 1-2 сағат уақытын бөлсе екен;
3. Ата-анамның менімен ұзағырақ сырласқанын қалаймын;
4. Ата-анам менің жетістіктерімді елеп, көбірек мақтаса екен;
5. Ата-анамның көңіл күйі жабырқамаса екен;
6. Ата-анам мені кез келген жерде қатал сынап бермесе екен;
7. Ата-анам мені өзге балалармен салыстырмаса екен;
8. Ата-анам өз реніштерін бізге білдірмесе екен;
9. Ата-анам менің қателіктерімді кешіруге, түсінуге дайын болса екен;
10. Ата-анам менің өміріме қызықса, менің қызығушылығымға немқұрайлы қарамаса екен;
11. «Сенің де қолың өмірде бір нәрсеге жететініне сенгім келеді. Оқу озаты немесе оқу екпіндісі боласың» - деп, ата-анам маған үміт артса екен;
12. «Сенің де басқалардан өзгеше болуыңа құқың бар, сенің де қолыңнан келеді» - деп, сенім артса екен;
13. «Біз саған қиыншылықты жеңуге көмектесеміз, екінші рет жаман қылық жасама» деп түсіністік білдірсе екен;
14. «Үлкендердің өмір жолында болып жатқан ыңғайсыз жағдайларға сен кінәлі емессің. Сенің болашағың алда, үлкен ғалым боласың, жақсы дәрігер, білімді ұстаз болуды арманда» - деп, мені демеп отырса екен;
15. «Сен менің өмірімдегі ең қымбат адамымсың» деп айтса екен;
16. Ата-анам жұмысындағы реніштерін үйге ала келмесе екен.

VII. Рефлексия: «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына үлес қос».

Мақсаты: тренинг барысында қатысушылардың бойында жиналған оң, теріс эмоцияларын шығару, алған әсерлерімен бөлісу.

Ережесі: қатысушыларға жұлдыздар таратылады. Сахнадағы күн мен ай бейнеленген плакат ілінеді. Ата-ана ай мен күн болса, перзенттеріміз жұлдыздарымыз деп елестетіп, «әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына үлес қос» деген ұранмен жұлдыздың ішіне балаға тілек жазып, ай мен күннің айналасына жабыстырады.

Қорытынды.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБИТОВА Камшат Амангелдиевна – «Атамекен орта мектебі» ММ психологы. Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

БӨПЕЖАНОВА Нысанкүл Әмірханқызы – №214 орта мектебінің педагог-психологы. Ә. Тәжібаев ауылы, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

БРАТАШ Сауле – І. Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы. Созақ ауданы, Түркістан облысы.

ЖАДЫРАСЫНОВА Салтанат Манарбековна – Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназия психологы. Ақтөбе қаласы.

ИЗАКОВА Айжан Тендиковна – доктор психологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, г. Астана.

ИЛИЯСОВА Нағима – С. Сейфуллин атындағы №52 ЖББМ педагог-психологы. Жетісай ауданы, Түркістан облысы.

ИСКАКОВА Майра Капановна – «№34 негізгі орта мектебі» КММ педагог-психологы. Сарыобалы ауылы, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы.

ИСМАЙЛОВА Салиха Срайловна – «Қызыл таң» жалпы орта мектебінің педагог-психологы. Мақтарал ауданы, Түркістан облысы.

КАРИМОВА Зулфина Құрманғалиқызы – «№37 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

КРУШИНСКАЯ Екатерина Викторовна – кандидат юридических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, г. Астана.

МУСИН Аблайхан Боранбаевич – магистр педагогических наук, преподаватель Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, г. Астана.

САИТОВА А. – Х. Хамраев атындағы орта мектептің педагог-психологы. Панфилов ауданы, Жетісу облысы.

СМАГУЛОВА Ляззат Турганбековна – Н. Өмірзақов атындағы орта мектептің педагог-психологы. Қаратоған ауылы, Райымбек ауданы, Алматы облысы.

ХАМЗИНА Эльмира Куанышбаевна – Социализм негізгі орта білім беретін мектебінің психологы. Кемер ауылы, Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.